Бөгде адамдарға мектеп директорының рұқсатымен және мұғалімдердің келісімен сабаққа қатысуға рұқсат етіледі. Сабақ басталғаннан кейін сыныпқа кіруге ерекше жағдайларда ғана мектеп директоры мен оның орынбасарларына рұқсат етіледі.
Сабақ барысында оқушылардың көзінше педагог қызметкерлердің жұмысы жөнінде ескерту жасауға болмайды.
Науқастануына байланысты жұмысқа шықпаған жағдайда барынша ертерек әкімшілікке хабарлауға, сондай-ақ жұмысқа шыққан күні жұмысқа жарамсыздақ парағын әкелуге.
Мектеп бөлмелерінде рұқсат етілмейді:
сырт киіммен және бас киіммен журуге:
сабақ уақытында дәлізде қатты сөлеуге және шулауға:

IX. ЖҰМЫСТАҒЫ ТАБЫСЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ

9.1. Міндеттерін өнегелі орындағаны, жұмыстағы жаңашылдығы және басқа да жетістіктере үшін көтермелеу қолданылады:
алғыс жариялау:
мұғалім туралы мектеп сайтына жариялау:
аттестаттау қорытындысы бойынша Құрмет грамотасымен, «Оқу үздігі», Алтынсарин белгісімен марапаттау туралы: «Оқу үздігі», «ҚР еңбек сіңірген ұстазы» атағына ұсыну, орденмен және медальмен марапаттау.
9.2. Көтермелеу әкімшілікпен бірге немесе мектептің кәсіподақ органының келісі бойынша беріледі.
10.3. Көтермелеу директордың бұйрығымен жарияланады, бүкіл ұжымға мәлімделеді және қызметкердің еңбек кітапшасына еңгізіледі.

X. ЕҢБЕК ТӘРТІБІН БҰЗҒАНДЫҒЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

10.1. Жүктелген міндетері қызметкердің кінәсінен орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны, яғни еңбек тәртібінің бұзылғандығы тәртіптік жаза қолдануға әкеп соқтырады.
а) ескерту:
б) сөгіс:
в) қатаң сөгіс:
г) жұмыстан босату:
10.2. Тәртіптік жазаны қолдану әкімшілікке берілген құқығының шегінде жүргізіледі. Еңбек тәртібінің бұзылғандығының әрқайсысына тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.
10.3. Жазалауды қолданбастан бұрын тәртіп бұзушыдан жазбаша түрде түсініктеме талап етілуі тиіс. Қызметкердің түсініктеме жазудан бас тартуы жаза қолдануға бөгет бола алмайды.
Педагог қызметкердің кәсіби тәртіп ережесін немесе мектеп Жарғысын бұзғандығы туралы жазбаша түрде шағым түссе ғана, тәртіптік зерттеу жүргізіледі. Көшірмесі педагог қызметкерге берілуі тиіс. Тәртіптік жаза және оның қорытындысы бойынша қолданылған шаралардың барысы мүдделі қызметкердің келісімен, заңмен қарастырылған